

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 ақпандағы N 238 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 1880 Қазақстан Республикасы Жол қорының 1997 жылға арналған бюджетінің кірістері мен шығыстарының жекелеген баптары нақтылануына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
"Жол қорының 1997 жылға арналған бюджеті туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 ақпандағы N 238

P970238_

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы "8,0 (сегіз) млрд. теңге" деген сөздер "9495 млн. теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1880 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Жол қорының 1997 жылға
арналған бюджеті

(мың теңге)

Кірістер мен шығыстардың		Барлығы		Оның ішінде
баптары				

Кірістер			
1. 1997 жылдың 1 қаңтарындағы қаражаттың қалдығы	258240	95137	163103
2. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары	7192990	4627668	2565322
3. Қазақстан Республикасының аумағына келгені, кеткені және жүріп өткені үшін алынатын төлемдер	535700	535700	-
4. Бөлшек саудада бензин мен дизель отынын сатқаны үшін алым	1178610	589306	589304
5. Ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүргені үшін алынатын төлемдер	60000	60000	-
6. Басқа да түсімдер	269460	118189	151271
Кірістердің жиыны	9495000	6026000	3469000
Шығыстар			
1. Кіріспен жабылмаған 1996 жылдың шығыстары	674731	399059	275672
2. Жолдарды ағымдағы жөндеу, күтіп ұстау, көгалдандыру және басқару	3519281	1467298	2051983
3. Жолдарды және олардағы құрылыстар салу, күрделі және орташа жөндеу	2915030	1874012	1041018

4. Жалпы мемлекеттік маңызы бар объектілерді қаржыландыруға арналған резерв	1863564	1863564	-
5. Басқа да шығыстар	522394	422067	100327
Шығыстардың жиыны	9495000	6026000	3469000
Кірістің шығыстан артуы	0	0	0
